

ЖАҢА ХАТШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Осы аптаның басында «AMANAT» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында мәслихат хатшысы Л.А. Қонарбаеваның төрағалығымен партия активінің жиыны өтті.

Отырысқа «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Б.М.Беспалинов қатысты.

– Жакында ғана Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты кезекті Жолдауын арнағаны белгілі. Қазіргі кезде бүкіл елімізде осы бір мемлекеттің стратегиялық маңызды құжаты талқыланып жатыр. Бүгінгі аудандық партия активінің жиынында Президент Жолдауының негізгі бағыттарын қарау міндеті тұр алдымызда.

Бұл ретте «AMANAT» партиясының атқаратын рөлі ерекше. Біз Президенттің негізгі тірегі болып, оның реформаларын жүзеге асыруға тиіспіз, – деді Б. Беспалинов өз сөзінде.

Берген Маратұлы сондай-ақ партия активіне «AMANAT» партиясы Целиноград аудандық филиалының жаңа атқарушы хатшысы Хасенова Жанар Науқанқызын таныстырды (суретте).

Аталған отырысқа аудан әкімінің орынбасары Ж.Толқынбекұлы, ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж.Байділдина, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясы жетекшісінің орынбасары А.Ш. Қапанов, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен саяси бөлімнің мүшелері, партия белсенділері қатысты.

Р. ҚАДІРЖАН.

Ақмол.



САЙЛАУ — 2025

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес «Вестник Ақмола» және «Esil-Nura» газеттерінің редакциясы сайлау алдындағы жұмыс үшін ақпараттық хабарламаның баспа алаңын ұсынады.

Жариялау үшін келісім шарттары 2025 жылдың 1 қазанынан бастап жасалады.

2025 жылдың 24 қазаны үгіт насихат материалдарын жариялаудың соңғы күні.

Газет редакциясы үгіт материалдарын жариялаудың кезегін олардың редакцияға келіп түсуімен байланыстырады.

Үгіт материалдарын газет бетінде орналастыруды газет редакциясы өзі айқындайды. Үгіт материалдары «Вестник Ақмола» және «Esil-Nura» газеттерінде «Сайлау-2025» айдарымен жарияланады.

Қазақстан Республикасының № 3 бір мандатты сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидаттарға баспа алаңын бергені үшін бір шаршы сантиметр үшін ақы төлеу мөлшері 135 (жүз отыз бес) теңгені құрайды.

Ұсынылған сайлау материалдары үшін төлем мөлшері 170 (жүз жетпіс) теңгені құрайды.



■ Президент

ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІС ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІН АЙҚЫНДАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес отырысына қатысып, сөз сөйледі. Президент сөзінің басында ғылым мен технология барлық мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар мәселе екеніне назар аударды.



Жетістігіміз ғылыммен өлшенеді

– Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сын-кәтерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір – инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл – аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсекелестік те күшейе, бұл – түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында алдымызға айқын мақсат қойылғанын айтты. Соған сәйкес, Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде цифрлық ел болуы керек, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, оны барлық салаға енгізу қажет.

– Бірнеше күн бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде еліміздің даму бағдарына арнайы тоқталдым. Сондай-ақ дүние жүзінде болып жатқан үдерістерге Қазақстанның көзқарасын білдірдім. Жаһан жұрты береке-бірлікте өмір сүру үшін өзара сыйластықты, теңдік пен ынтымақтастықты таңдауы қажет. Сонда ғана мемлекеттер арасында табысты қарым-қатынас орнайды. Осы айдың басында Қытайға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Онда құны 15 млрд доллар болатын 70 инвестициялық келісімге қол қойылды. АҚШ-қа сапарым кезінде әлемдік компаниялардың басшылығымен келіссөздер өткіздім. Оның ішінде «Amazon», «Meta» сияқты жасанды интеллект және жоғары технология саласындағы ірі корпорациялар бар. Сондай-ақ қаржы-инвестиция саласындағы «Goldman» «Sachs», «Blackstone», «Cerberus Capital Management», «Citigroup» корпорацияларының жетекшілерімен кездестім. «Wabtec», «PepsiCo» және басқа да ірі компаниялармен коммерциялық келісімдер жасалды. Сапар аясында экономикамыздың басты салаларын қамтитын 11 келісімшартқа қол қойылды, жалпы құны 5,2 млрд доллардан асады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің келешегі жарқын болғанын қаласақ, жоғары технология мен жасанды интеллектіні қазірден бастап тиімді пайдалану керек екенін атап өтті.

– Сондықтан кейінгі жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөліп жатырмыз. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өсті. Зерттеу университеттері көбеюде, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. Қазір 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» кешенді жүйесі орнығып жатыр. Бұл үрдіске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу керек. Әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнаттық. Бүгінде елімізде 33 филиал ашылды. Технология паркттері және инжиниринг орталықтары құрылып жатыр. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісті. Ғалымдардың мүддесін қорғауға баса мән беріп отырмыз. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа құқықтық негізі қаланды. Ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту – аса маңызды, түйінді мәселе, оны басты назарда ұстау қажет. Жас ғалымдарға барынша жағдай жасау керек. Жалпы, алда әлі де көп

жұмыс бар, бұл жұмысқа бәріміз бірге жұмылып, бір ұжым болып, тиянақты қатысуымыз керек. Әйтпесе, күре жолдың шетінде қалып қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Ядролық энергетиканың әлеуеті

Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің осы жиынында атом саласын дамыту мәселесі талқыланды. Президент көтерілген маңызды мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта ескерілетінін айтып, өз пікірін ортаға салған ғалымдарға ризашылығын білдірді.

– Елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет. Біз түрлі салаға озық технологияларды енгізіп жатырмыз. Ауқымды жобалар қолға алынуда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет. Сондықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпы-ұлттық референдумда атом электр стансасын салу жөнінде шешім қабылдадық. Шын мәнінде, атом энергиясы – еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүние жүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан америкалық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қатысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден аса ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады. Қазір 31 мемлекетте ядролық энергия өндіріледі. Бұл – әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салуды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық технологиясы бар елдермен ынтымақтастыққа баса мән береміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы таяуда Қазақстандағы алғашқы атом электр стансасын салу бойынша жұмыстар басталғанына назар аударды. Жобаны халықаралық консорциум жүзеге асырады. Оның жетекшісі – «Росатом» компаниясы.

– Тиісті агенттік, жалпы, Үкімет осы компаниямен келіссөздер өткізген кезде әрдайым еліміздің мүддесін ескеруі қажет, келісімдердің барлығы әділетті, теңгерімді, тиімді болуы керек. Табиғи байлығымызды, яғни уранды талан-таражға салуға болмайды. Бүгін мен мұны ғалымдардың және бүкіл ғылым қауымдастығының алдында әдейі айтып отырмын. Бұл – аса маңызды мәселе. Әрине, біз бір атом электр стансасымен шектеліп қалмаймыз. Екінші, үшінші атом стансасын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Қытай Төрағасымен кездесуде біз осы мәселені талқыладық. Елдеріміз бейбіт атом бағытындағы ықпалдастығын күшейте береді. Қытайдың өзінде алдағы 15 жылда 76 жаңа реактор іске қосылмақ. Шығыстағы көршіміз – осы саладағы жетекші мемлекеттің бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атом энергетикасын дамытуға стратегиялық мінералды ресурстар керек екенін атап өтті.

– Қазақстанда бұл салаға қажетті сирек кездесетін металдар жеткілікті. Біз – уран өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы мемлекеттің біріміз. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы – қазақ жерінде. Осы басымдығымызды дұрыс пайдалану қажет. Атом стансасы салынған соң уранның экономикадағы рөлі түбегейлі өзгереді. Бұрын экспортқа ғана кетіп жатқан бұл байлық енді ішкі нарықтың қажетіне жарайтын болады. Бұл жұмысқа қазірден бастап дайындалған жөн, тиісті талдау жүргізілуге тиіс.

■ Ауыл – Ел бесігі

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ДӘРІПТЕГЕН**«Толағай» сайысы көп көңілінен шықты**

ҚР Конституциясының 30 жылдығына орай Шалқар ауылында ұлттық спорт пен салт-дәстүрді дәріптеген үлкен спорттық мереке ұйымдастырылды. Шараға еліміздің әр өңірінен 15 алып спортшылар қатысты. Ұйымдастырушылар «Толағай» федерациясының басшысы балуан Арман Сүлеймен және жоба авторы Тимур Сыпатаев.

Сайыстың ашылу салтанатында Целиноград ауданы Ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж.Е.Байділдина ауыл тұрғындарын құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар даңқты балуан, Қажымұқан атамның шөбересі Айкен Мұнайтпас келіп, өз құттықтауын жолдады. Қазақ балуандарының сайысы Шалқар ауылында өткені ерекше дейді ауыл әкімі А.Ж.Қанапиянов. Бұл шара халықтың бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды насихаттау, сондай-ақ жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылғанын атап өту керек.

Ұлттық спорт – ел рухының айнасы демекші, ұлттық спорт пен этноойындар ел мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Шалқардағы дода – осы бағыттағы игі дәстүрдің жалғасы. Жарыстың мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына батырлық пен төзімділік қасиеттерін дарытып, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, жарыс еліміздің әр өңірінен келген алып күш иелерін танып, болашақта халықаралық аренаға шығатын спортшыларды іріктеуге жол ашады.

«Алыптар сайысы» – мықтылардың тартысы. Жеке жарысқа 18 жастан асқан, арнайы дайындықтан өткен, салмағы 90 келіден жоғары ер азаматтар қатысты. Олар нағыз күш пен төзімділікті талап ететін бірнеше сынақта бақтарын сынады.

Салмағы 100 келілік екі тасты қашықтыққа апару, жарты тонналық арбаны сүйреу, 40 келілік қылышты көтеру, 70 келілік кір тасын көтеру, таяқ тартысу. Сонымен қатар ұйымдастырушылардың шешімімен найза лақтыру, бөренемен отырып-түру, жілік сындыру секілді халықтық ойындар жарыс бағдарламасына қосылды. Бұл сайыстар көрерменнің ерекше қызығушылығын тудырды.

«Бала Толағай» – жас батырлардың қадамы. Шалқар ауылдық округінің жасөспірімдері өз күштерін «Бала Толағай» турнирінде сынады. Балаларға арналған сайыс кезеңдері де ерекше тартысты өтті. Сонымен қатар найзаны нысанаға дәл тигізу, 25 кг қапты көтеріп қашықтыққа апару, 25 келілік серкені иыққа салып отырып-түру. «Бала Толағай» сайысында 1 орынды Жалғызқұдық ауылының келген Клиник Владислав, 2 орынды Шалқар ауылының жас өрені Сармурзин Ақжан, 3 орынды жарлықөздік С. Максим иеленді.

Сондай-ақ балалар арасында арқан тар-



ту сайысы өтті.

Бұл ойындар жас спортшылардың ептілігін, шыдамдылығын, батылдығын шыңдап, ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын арттырды.

Әр спортшының барлық кезеңдегі ұпайлары есептеліп, ең жоғары көрсеткішке қол жеткізгендер жеңімпаз атанды. Жарыс соңында үздіктер арнайы сыйлықтармен және Алғыс хаттармен марапатталды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Шараға ауыл тұрғындары мен қонақтар белсене қатысып, ұлттық ойындардың қызығына куә болды. Бұл күн Шалқар ауылы үшін үлкен мереке болып, спорт пен дәстүрдің тоғысқан сәті ретінде есте қалды.

«Толағай» сайысы – тек күш сынасатын дода ғана емес, халықтың мәдени қазынасын ұлықтайтын үлкен тәрбиелік мәні бар іс-шара. Ол жас буынға батырлық рух сыйлап, ұлттық спорттың дамуына тың серпін береді. Нәтижесінде 1 орынды Шығыс Қазақстан облысынан келген спортшы Вадим Макаров иеленіп жылқы ұтып алды. Екінші-үшінші орындарды Азамат Мақұлбеков пен Жанболат Ибаділдаев жеңіп алды. Оларға да ірі қара мал сыйлыққа тару етілді.

Алыптар сайысының жеңімпазы атанған Вадим Макаровқа арнайы әзірленген «Қажымұқан ізбасары» белбеуі табысталды.

Шараның өтуіне мұрындық болған Шалқар ауылының ұлтжанды азаматтары Төлеген Дулатов, демеушілер: Дулат Қамзебаев, Медет Жакишев, Қазы Бауыржан сынды жігіттер елдің ризалығына бөленді.

Аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлап, әсем әннен шашу шашты.

Д. ОРАЛБЕКҰЛЫ,

Целиноград ауданының сарапшысы.

Құрметті Целиноград ауданының азаматтары!

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» жобасы аясында, қарызы 90 күннен асқан азаматтарға тегін заңгерлік көмек көрсетіледі.

Байланыс: 8 700 099 01 54, WhatsApp: 8 700 023 01 44.

«Талапкер ЖТ» ЖШС мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

07.11.2025 сағат 11:00-де Ақмола облысы Целиноград ауданының Қабанбай батыр ауылында: 035 есептік квартал, 5 ғимарат, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша, «Қабанбай батыр ауылы ауданындағы жағалауды, «Қабанбай батыр – Жалғызқұдық – Оразак» облыстық маңызы бар автомобиль көпірін, Целиноград ауданының әкімшілік шекараларында орналасқан «Алтын – Даст» ЖШС қарьерін нығайта отырып, Нұра өзені арнасының учаскесін санациялау» жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасының материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі-«Алтын-Даст» ЖШС, БСН 200740004623, тел. +7(705)-745-75-83. Мекен-жайы: ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, 019 есеп кварталы, 1177 ст-е, e-mail: mermankulov_meirkhan@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші – «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел., +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы-Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелердің №№	Бұрыштық нүктелердің координаттары	
	Солтүстік ендіктер	Шығыс Бойлықтар
1	50°49'23.72"	71°20'37.60"
2	50°49'24.90"	71°20'40.22"
3	50°49'21.68"	71°20'47.18"
4	50°49'21.34"	71°20'53.02"
5	50°49'34.09"	71°21'4.87"
6	50°49'36.89"	71°21'15.51"
7	50°49'28.85"	71°21'33.76"
8	50°49'26.32"	71°21'29.06"
9	50°49'31.18"	71°21'14.60"
10	50°49'27.13"	71°21'2.36"
11	50°49'14.80"	71°20'50.28"
12	50°49'22.48"	71°20'34.77"

Әсер ету аумағы белгілі бір аумақпен шектеледі жұмыс жүргізу.

Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталдың (БЭК) сайтында және «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ж. Омаров к-сі 10, 1 кеңсе, e-mail: llpn23@gmail.com, +7-777-241-16-40.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады - expreso@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVuWvyKhetg255bvmprw17N1>

Конференция идентификаторы: 683 466 6500

Кіру коды: 6iPK3E

07.11.2025 сағат 15:00-де Ақмола облысы Целиноград ауданының Рахымжан Қошқарбаев ауылында: Тәуелсіздік көшесі, 25 жылдығы, 1-күрылыс, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша, «Қабанбай батыр ауылы ауданындағы жағалауды, «Қабанбай батыр – Жалғызқұдық – Оразак» облыстық маңызы бар автомобиль көпірін, Целиноград ауданының әкімшілік шекараларында орналасқан «Алтын – Даст» ЖШС қарьерін нығайта отырып, Нұра өзені арнасының учаскесін санациялау» жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасының материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі-«Алтын-Даст» ЖШС, БСН 200740004623, тел. +7(705)-745-75-83. Мекен-жайы: ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, 019 есеп кварталы, 1177 ст-е, e-mail: mermankulov_meirkhan@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші – «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел., +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы-Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Р. Қошқарбаев ауылы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелердің №№	Бұрыштық нүктелердің координаттары	
	Солтүстік ендіктер	Шығыс Бойлықтар
1	50°49'23.72"	71°20'37.60"
2	50°49'24.90"	71°20'40.22"
3	50°49'21.68"	71°20'47.18"
4	50°49'21.34"	71°20'53.02"
5	50°49'34.09"	71°21'4.87"
6	50°49'36.89"	71°21'15.51"
7	50°49'28.85"	71°21'33.76"
8	50°49'26.32"	71°21'29.06"
9	50°49'31.18"	71°21'14.60"
10	50°49'27.13"	71°21'2.36"
11	50°49'14.80"	71°20'50.28"
12	50°49'22.48"	71°20'34.77"

Әсер ету аумағы белгілі бір аумақпен шектеледі жұмыс жүргізу.

Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталдың (БЭК) сайтында және «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ж. Омаров к-сі 10, 1 кеңсе, e-mail: llpn23@gmail.com, +7-777-241-16-40.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады - expreso@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVuWvyKhetg255bvmprw17N1>

Конференция идентификаторы: 683 466 6500

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Куәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 191.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

